



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

4 қараша
сейсенбі
№84 (2196)
2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қалалық жастар ресурстық орталығы
қолға алған әлеуметтік жобалар мен түрлі
бағыттағы бағдарламалар бүгінде жас
ұрпақтың әлеуетін арттыруға, олардың
қоғам өміріне белсене араласуына орасан
зор пайдасын тигізіп отыр. Мәселен,
қазіргі таңда Қызылордада 362 мың
279 тұрғын болса, оның 14 пен 35 жас
аралығындағылар 103102-ні құрайды.
Ал ауылдық аймақтардағы жас буын
өкілдерінің саны 12499 құрайды. Бұл қала
халқының 28,5 пайызын ғана көрсетеді.

«БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП» немесе жастарға қамқорлық қандай?

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай
жасау, олардың шығармашылық және азаматтық
белсенділігін арттыру бүгінгі күннің басты бағыт-
тарының бірі болмақ. Осы тұрғыда «Qosyl» жастар
ресурстық орталығы жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар
жүргізіп келеді. Орталық жанынан жастарға арналған
үйірмелер мен бастамашыл топтар құрылып, жастарды
кәсіпкерлікке, волонтерлік қызметке, мәдени
және қоғамдық өмірге тарту бағытында ауқымды
жобалар атқарылып келеді. Сонымен қатар еріктілер
қозғалысын дамыту, жана идеяларды қолдау және
жас кәсіпкерлерге бағыт-бағдар беру – орталықтың
негізгі міндеттерінің бірі. «Qosyl» жастар ресурстық
орталығының бастамалары арқылы көптеген жас
өз қабілетін танытып ғана қоймай, кәсіби тұрғыда
шыңдалуға мүмкіндік алуға. Осындай жобалардың
арқасында қызылордалық жастар ел дамуына өз
үлесін қосып, белсенді азаматтық ұстанымын
калыптастыруда. Осы орайда «Qosyl» ресурстық
жастар орталығының атқарып жатқан жұмысына
шолу жасадық.

Қазіргі таңда қала бойынша 17 техникалық
және кәсіптік білім беру мекемесінде 17 мыңнан
астам студент білім алуға. Ал Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті, «Болашақ» университеті
мен Қызылорда ашық университетінде 15 мыңнан
аса студент оқиды. Бұл – жастардың білімге деген
ұмтылысының айқын дәлелі. «Qosyl» жастар ресурстық
орталығының директоры Медет Жорабектің айтуынша,
биыл жастардың белсенділігін арттыру мақсатында
арнайы 8 әлеуметтік жоба жүзеге асқан. Бұл жастардың
бос уақытын үнемдеп ғана қоймай, жастарға бағыт-
бағдар беріп, тиімді жобалар айналысуына мол
мүмкіндік беретінін айтты.

– Мемлекеттік жастар саясатын дамыту мақсатында
19 миллион 381 мың теңге бөлініп, бірқатар әлеуметтік
жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, «Жұмысшы
мамандықтарды насихаттау», «Ауыл жастарына қолдау
көрсету», «Жастар орталығы – жастар үшін мүмкіндік
алаңы», «Патриоттық сана мен отбасы құндылықтарын
дәріптеу», «NEET және қылмысқа бейім жастарды
әлеуметтендіру», «Волонтерлік қозғалысты дамыту»,
«Qyzylorda Youth Fest» фестивалі және «Qosyl Premya»
жастар марапаты бар. Бұл жобалар жастардың бос
уақытын тиімді өткізуге, дұрыс бағыт-бағдар алуға
тиімді мүмкіндік береді. Бастысы, жастармен бір
толқында болып, жас буынның талғамына сай болу, –
дейді Медет Ерданаұлы.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САЯБАҚТА СЕРУЕНДЕЙТІН КҮН ЖАҚЫН



Қоңыр күзде аллеяларда жайбарақат серуен құрған
үлкен-кіші, ағаштан төгіле түскен жапырақтар қарашаның
көз тойар әдемі көрінісі. Бүгінде тұрғындар үшін қала
жайлы ортаға айналды. Демалатын, серуендейтін орындар
қатары көбейді. Бұрынғыдай «қайда барамыз, ең болмаса
серуендейтін жер жоқ» деген шағым естілмейді.

Биыл шаһардағы барлық саябақ пен сквер-аллеялар
жаңғырып, жаңарғаны белгілі. Елдің ендігі назары –
құрылысы қыза түскен Тұңғыш Президент саябағы.
Себебі де белгілі. Қала келбетіне көрік беріп ғана қой-
май, қалалықтардың сүйікті демалыс орнына айнал-
латын нысан ел игілігіне берілсе, тұрғындар қуанышы
еселене түсетіні анық. Әзірге жаңалықтардан қалт жі-
бермей оқып, нысанның жаңарған сәтін көруге асық-
қан қалалықтарға саябақ жайынан ақпарат беруді жөн
санадық.

Мұнда жобала көрсетілгендей 3 аллея, 6 субұрпақ, 5
амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт және 4 workout,
7 демалыс аймағы, 4 фудкорт, теннис үстелдері, биіктігі
50 метр болатын ойын-сауық аттракционы салынуда.
Одан бөлек, бұл аумақта би алаңы, стритбол, вело және
жүгіру жолақтары, сахна, сарқырама каналдары мен
олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол
және футбол алаңдары, аркан саябағы мен модульдік
санитарлық нысандар тұсуде.

Сонымен қатар саябақ ішінде жыл бойы жұмыс
істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагерінің
және Ботаникалық білім беру орталығының құрылысы
жүруде. Осы аумақта спорт блогы, іс-шараларға арналған
event-аймақ, тұрғын корпусстар, қонақ үй үлгісіндегі
шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн,
стадион, футбол алаңы және сахна салу қарастырылған.
Жобаны «Alem Qurylys AQ» ЖШС атқаруда.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, облыс
әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов пен қала әкімі
Нұржан Ахатов жұмыс нысанын аралап көрді. Мердігер
мекеменің басшыларымен кездесіп, құрылыс қарқынын
арттыруды және нысандарды сапалы әрі мерзімінде
аяқтауды тапсырды. Айта кету керек, бұл жобалармен
қатар Сырдария өзені үстінен Президент саябағы
мен Астана шағын ауданын байланыстыратын жаяу
жүргіншілер көпірі салынады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

Қазіргі таңда Қызылорда
облыстық өлкетану музейінде
200-ге жуық сирек кітаптар қоры
бар. Оның негізгі бөлігі ескі араб
әрпі мен төте жазумен жазылған
кітаптар. Қызылорда астана болған
жылдары Сыр топырағында
қызмет еткен Алаш зиялыларының
еңбегін, атап айтқанда, Ахмет
Байтұрсынұлының төте жазумен
жазылған «Әліп би. Жаңа құрал»
кітабын, Бейімбет Майлиннің
«Қос қақпан», «Бөліс», «Күлпаш»,
«Құрақ», «Көзілдірік», Сәкен
Сейфуллиннің «Экспресін», «Тарих
толқынында», «Ұйым шарты және
еңбек шарты», «Жалшы қорғаны»,
Мадияр – М.Дулатовтың «Шума
қандай ауру», С.Мұқанұлының
«Кешегі жалшы мен бүгінгі
жалшы» кітаптарын кирилл әрпіне
аударып, баспаханадан кітап етіп
қайта басып шығару жұмысы бізге
жүктелген жауапкершілігі зор
жұмыс болып тұр.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ СЫР ТОПЫРАҒЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТТІ

Қызылорда астана кезеңіндегі әйелдер тұрмысын
боямасыз бейнелейтін, айына бір рет Қызылорда
қаласынан шыққан «Әйел теңдігі» журналының
қолда бар екі санын ғана аударып оқырманға
кітап етіп ұсынудамыз. «Әйел теңдігіндегі»
мақалалардың дені ауылдағы белсенді әйелдердің,
жер-жерден әйелдер арасындағы атқарылып жатқан
жұмысы, жиындары жайлы хабарламалар екен.
Журналдың соңғы беттерінде Ж.Аймауытовтың
«Ақбілек» романынан үзінді, Сәбит Мұқанұлының
«Кер заман» әңгімесі, тырнақалды өлеңдері, Асқар
Токмағамбетовтің «Біріккен тілек», Б.Майлин-
нің «Қарындастың кестесі» өлеңдері жарияланып,
қалың оқырмандарды көркем әдебиет жауһар-
ларымен сусындауына жол ашқан белді басылымына
айналғанын көруге болады.

Қызылорда астана кезеңінде қазақ ұлт мәде-
ниетінің бастауы болғанын айғақтайтын араб әрпімен
жазылған құнды құжаттардың бірі «Еңбекші қазақ»
газетінің 1926 жылғы қаңтардың 13-і, сәрсенбі
күні санында, «Ғинуардың 13-і күні кешке сағат
6-да мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі
болады. Театр әртістері Кеменгерұлының «Алтын
сақинасын» ойнайды. Оның соңынан концерт.
Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр
директоры Дінше» деген хабарламасы басылған.

Осы жерде Дінше Әділов туралы бірер сөз
қоса кеткеніміз артық болмас. 1924 жылы Созақ
көтерілісінің тұтануына тікелей себепші болған
Ақмоладан келген милиция өкілі Әбубәкіров
Қараноғайды атып өлтірген Байсейіт Әділовтің
інісі. Дінмұхамед Әділов театр директоры бола
жүріп спектакльдердің қойылымдарына көркемдік
жетекшілік жасап, ұлт театрының өсуіне өлшеусіз
үлес қосқан жан. Кейін қанды қасптың құрығына
ілініп бар болғаны отыз жасында Мәскеуде
атылып кеткен. Біз бұған дейін театрдың
алғашқы шымылдығын ашқан М.Әуезовтің
«Еңлік Кебек» пьесасы деп келген едік. Қошқа
Кеменгеров пен Дінше Әділовтің «халық жауы»
болып атылып кетуіне байланысты бұлардың
есімдері ұлт тарихындағы тарихи сәттен әдейі
ығыстырылғандығы анық көрініп тұр.

3-БЕТТЕ

ОТЫРАРДЫҢ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ – СЫР ЕЛІНДЕ

Облыстық тарихи-өлкетану
музейінде әлем таныған ғұлама
ғалым әл-Фарабидың 1155 жылдығы,
«Отырар» мемлекеттік археологиялық
музей-қорығы» РМҚК-ның 45
жылдығы аясында «Ұлы Жібек
жолы бойындағы Отырар: ғылым
мен мәдениеттің сабақтастығы»
тақырыбындағы көрменің ашылу
салтанаты өтті. Көрмені облыстық
тарихи-өлкетану музейінің басшысы
Сапар Көзейбаев ашып, ұжымның
алдағы жұмысына сәттілік тілеп, сый-
сияпат жасады. Мұнан соң Отырар
мемлекеттік археологиялық музей-
қорығының бас қор сақтаушысы
Нұрсұлтан Бекешев сөз алып, Отырар
қалашығының терең тарихынан сыр
шертіп, музей қорындағы таңдаулы
коллекцияның сырбойылықтардың
назарына ұсынылғанын жеткізді.



Айта кетейік, сұлу Сыр мен әсем Арыстың түйіскен
жерінде қоныс тепкен Отырар – қазақ өркениетінің алтын
дінгегі. Отырар – топырағын түртсең, тарихы сөйлейтін
өлке. Отырар алқабында 202 тарихи және мәдениет
ескерткіштері есепке алынған. Олардың қатарында
Отырартөбе, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Пышақшөбе,
Көк-Мардан, Күйік-Мардан, Жалпақтөбе, Қоңыртөбе,
Оқсыз секілді қалашықтар, сауда-көлөнер орталық-
тары, Арыстанбаб, Найман әулие және қорым-зират-
тары, архитектуралық ескерткіштері, алқаптың сулан-
дыру жүйесінің ескі орындары ғылыми тұрғыдан
зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілген.

– Көрме барысында Отырар тарихына саяхат, ұлы
Жібек жолы және ислам діні арқылы келген мәдениеттер
интеграциясы, ғылымның дамуы, ортағасырлық
отырарлық ғалымдар, Отырар алқабындағы қалалық
мәдениет, егіншілік, сауда, өндіріске қатысты жәді-
герлер және Отырардың сан мыңдаған жылдар бойына
жасырған бай мәдениеті мен әлемдік өркениетте алған
орны Сыр жұртшылығына ұсынылды.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші
жартыжылдығына жазылу
жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңізге жазылуды
ұмытпаңыз.
Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер
үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

МҮМКІНДІК АЛАҢЫНА АЙНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ

Қызылордалық жастар үшін «Qosyl» орталығы бүгінде нағыз мүмкіндік алаңына, қолайлы ортаға айналған. Мұнда би залы, спорт секциялары, фото-видео студия, коворкинг аймағы, Wi-Fi және демалыс аймағы бар. 2025 жылдың алғашқы тоғыз айында орталық қызметін 4168 жас пайдаланған. Ал қаңтар мен тамыз айлары аралығында 141 іс-шара өткізіліп, оған 6150 жас қатысқан. Сондай-ақ онлайн және офлайн форматта кеңес алғандар саны 1980 құрайды. Орталық қызметкерлері жастарға офлайн форматтан бөлек, онлайн түрде де көмек көрсетуге әрдайым дайын екенін мәлімдейді. Қала аумағында 30-ға жуық жастар ұйымы тіркелген болса, оның 10-ға жуығы белсенді жұмыс атқаруда. Олардың қатарында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы», «Қызылорда студенттер альянсы», КВН одағы және өзге де ұйымдар бар. Ұйымдардың мақсаты бір. Жастарға заман талабына сай жайлы орта қалыптастырып ғана қоймай, тын дүниелерді өмірге әкелу.

зорлық-зомбылықтың және буллингтің алдын алу бойынша 29 кездесу өткізілді. Нәтижесінде 2207 жасқа түсіндірме жұмысы жүргізілді. Бұдан бөлек, жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында да тұрақты кездесу ұйымдастырылып келеді. Ең маңыздысы қала тыныштығы, – дейді «Qosyl» жастар ресурстық орталығының директоры Медет Ерданаұлы.

«NEET» ЖӘНЕ «МАРГИНАЛ» ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС

Қоғам дамуының бір өлшемі – жастардың белсенділігі мен әлеуеті. Осы орайда, «NEET және маргинал жастармен жұмыс жөніндегі жол картасы» аясында бірқатар шаралар жүзеге асып келеді. Аталған бағыт бойынша биыл екі мәрте жұмысшы топтың отырысы өткізіліп, нақты іс-шара жоспары бекітілген. Сонымен қатар жастардың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған «Көшпелі кеңес» пен «Мүмкіндіктер алаңы» жобалары тұрақты түрде жұмыс істеуде. Биыл алғаш рет «NEET санатындағы

ерікті қатысып, қала аумағында тазалық шараларын жүргізді.

– Қазіргі таңда жастар арасында «Жұмысшы мамандықтарға» сұраныс аз. Себебі қазір жастар оңай жұмысқа ұмтылады. Тез танымал болу, жайлы кабинетте отыру жастар үшін абыройлы жұмыс деп санайды. Ал нағыз еңбекті, қажет мамандықты көзіне де ілмейді. Сондықтан жұмыс-

шы мамандықтарды насихаттау біздің басты міндетіміз, – дейді ол.

Негізгі бағыттың бірі – ауыл жастарын қолдау. Жастар саясатын жүзеге асыру бағытында ауылдық жерлерге де айрықша көңіл бөлініп келеді. Биыл «Ауыл жастарына қолдау көрсету және әлеуметтендіру» әлеуметтік жобасы аясында 5 ауылдық округте 20-ға жуық түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Бір айға жоспарланған бұл игі бастама қазан айынан өз жұмысын бастады. Жобаның басты мақсаты – ауыл жастарының белсенділігін арттырып, олардың қоғам өміріне бейімделуіне және қабілетін дамытуға мүмкіндік жасау. Әлеуметтік қызмет барысында жастарды әлеуметтендіру, шығармашылық және спорттық бағыттағы жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ ауылдық елді мекендердегі жастар бастамаларына қолдау көрсету көзделген.



– Қала жастарынан бөлек, ауыл жастарымен де жүйелі түрде жұмыс істейміз. Біз ауыл, қала деп бөлген

ішінде қатысушылар 1 тоннадан астам коқыс жинады. Нәтижесінде 250 қап қалдық шығарылып, ең белсенді топтар арнайы бағалау критерийлері бойынша марапатталды. Келесі күні, заманауи би топтары мен дара бишілер арасында «Qyzylorda Youth Fest» аясында байқау ұйымдастырылды. 8 команда өз өнерлерін ортаға салып, көрермен көңілінен шықты. Жеңімпаздар қорытынды кеште дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Кезекті іс-шаралар легі «Адамзаттың Абайы» атты онлайн челленджімен жалғасты. Жастар әлеуметтік желілерде ұлы ақынның өлеңдері мен нақыл сөздерін оқып, бейнежазбалар жариялады. Бұл жастардың рухани тәрбиесін күшейтіп ғана қоймай, Абай мұрасына деген қызығушылығын арттырды. Фестиваль аясында Ғани Мұратбаевтың ескерткішіне тағзым ету рәсімі өтті. Жастар қоғам қайраткерінің өнегелі өмір жолына құрмет көрсетіп, оның ел игілігі жолындағы еңбегін еске алды. Жыл қорытындысында дәстүрге айналған «Qosyl Prepu» атты жастарды марапаттау рәсімі өтеді. Бұл – мәдениет, спорт, журналистика, білім және қоғамдық қызмет салаларында жетістікке жеткен жастарды ынталандыруға бағытталған жоба. Марапаттау кешіне жыл бойы белсенділік танытып, өз саласында табысты еңбек еткен жастар қатысады.

– Қазіргі таңда жастардың әлеуетін арттыруға бағытталған жобалар жүйелі түрде өз жалғасын табауда. Мұнымен іс-шаралар легі аяқталмайды. Әрмен қарай өз жалғасын таппақ. Біздің «Qosyl» жастар ресурстық орталығының бастамалары осының айқын көрінісі. Жастардың идеясы мен арманына қолдау көрсету – ел болашағына салынған инвестиция. Өйткені жастарды тәрбиелеу мен олардың дамуына жағдай жасау – тек отбасының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті, – дейді Медет Жорабек.

Айдана БАХТИЯР

«БІЗ ЖАНБАСАҚ ЛАПЫЛДАП» немесе жастарға қамқорлық қандай?

– Жастар шығармашылығын дамыту бағытында биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы шеңберінде «Қызық орда» қоғамдық қорымен бірлесе отырып, «Creative» студиясын аштық. Бұл – жаңа буынның тың ойы мен ізденісінің нәтижесінде жүзеге асқан жоба. Ал тың идея дүниеге келу үшін ең алдымен жастарға қолайлы орта қалыптастыруымыз қажет, – дейді Медет Жорабек.

Жұмыссыз жастар – қоғамның басты назарында. Қалада жұмыссыз ретінде 2629 жас тіркелген. Оның 874-і тұрақты жұмысқа орналастырылса, 1700-ге жуығы «Қоғамдық жұмыс» және «Жастар практикасы» бағдарламалары арқылы еңбекке тартылған. Осы орайда жұмыссыз жастар үшін «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындары жерменкесі жүзеге асуда. Нәтижесінде жыл басынан бері бұл ауқымды жоба 8 рет өткізіліп, 23 жас тұрақты қызметке жолдама алған.

«Qosyl» жастар ресурстық орталығы қала тыныштығын да естен шығармайды. Қала жастарының тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғамның ортақ жауапкершілігі деседі. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып, алдын алу шаралары жүзеге асуда.

– Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жыл басынан бері 22 рет түнгі рейд ұйымдастырылды. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің, тұрмыстық

және қылмысқа бейім жастарды әлеуметтендіру» жобасы қолға алынды.

– Бұл жоба аясында тренингтер, экскурсиялар және футбол турнирлері ұйымдастырылуда. Сондай-ақ «Жастар. Тәртіп. Құндылық» атты кездесуге 300-ге жуық оқушы мен студент қамтылмақ. NEET санатындағылар – оқу мен еңбекке қызығушылығы төмен, қоғамнан өз орнын таба алмаған жас буын өкілдері. Бұл – қоғам үшін маңызды әрі күрделі мәселе. Мұндай жайтқа бейжай қарауға болмайды. Жастардың неғұрлым бос уақыты көп болған сайын, қоғамға зияны тиетіні анық. Бұл мәселе ушықпай тұрып, дер кезінде қолға алу керек, – дейді Медет Жорабек.

ЖАСТАР ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚҚА ҚЫЗЫҒАДЫ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланды. Осыған орай Қызылорда қаласында «Jastar X» диалог алаңы құрылып, «Жас дәнекерлеуші», «Жас құрылысшы», «Жас тігінші» сияқты сайыстар өткізілді. Алдағы уақытта бұл бастама электриктер мен құрылысшылар арасында жалғасын таппақ. Сонымен бірге «Тазалық патрулі» волонтерлік жобасы да өз жалғасын тауып келеді. Тамыз айында өткен экологиялық акцияға жүзге жуық



емеспіз. Бастысы, ынта, ниет болса болғаны. Ауыл жастарының да бастамаларына қолдау білдіріп, көмектесуге әрдайым дайынбыз, – дейді Медет Ерданаұлы.

Биыл халықаралық жастар күніне орай дәстүрлі түрде «Qyzylorda Youth Fest» мәдени-көпшілік шаралары өтті. Бұл фестиваль 8-11 тамыз аралығында өтіп, бірнеше бағыттағы мазмұнды іс-шараларды қамтыды. Фестиваль 8 тамыз күні «Табиғатты сақта – болашақты қорға» атты экологиялық акциямен басталды. Қаланың түкпір-түкпірінен жиналған 100-ге жуық жас 10 топқа бөлініп, белгіленген аумақтарда тазалық жұмыстарын жүргізді. Бір сағат

ОТЫРАРДЫҢ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ – СЫР ЕЛІНДЕ



Көрмеге Отырар қалашығынан табылған ыдыстар, керамикалық және шыны бұйымдар, әшекей бұйымдар, сауда саттықтың басты белгісі мыс теңгелер қойылды. Көрме 15 қараша дейін жалғасып, Сыр жұртшылығының назарына ұсынылмақ, – дейді Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының бас қор сақтаушысы Нұрсұлтан Бекешев.

Іс-шара аясында «Музейдің ғылыми бағыты және зерттеу жұмыстарының өзектілігі» тақырыбында ғылыми семинар ұйымдастырылды. Семинардың басты мақсаты – музей тарапынан жүргізілген ғылыми жобалардың нәтижесімен бөлісу, музей ісі мен зерттеу жұмысының өзара байланысын нығайту, тәжірибе алмасып, ғылыми қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру.

Семинарда Қызылорданың астана кезеңіндегі (1925-1929 жж.) тарихы, археологиялық ескерткіш кешен – Асанас-3 қалашығындағы археологиялық зерттеулер, Қызылорда облысындағы палеонтологиялық кешен – Шах-Шахтан табылған палеонтологиялық артефактілер, Жанкент және Сығанақ қалашықтарынан табылған музей қорындағы артефактілердің мазмұны мен ел тарихындағы маңызы және Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің соңғы жылдардағы зерттеулері ортаға салынып, талқыланды.

Басы 1-бетте

Г. АСҚАРҚЫЗЫ



САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі:

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту.

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділіктерін қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар және «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» талапқа сай қажетті техникалық құралдармен жабдықталған.

Қызмет алушылардың хабардарлығын арттыру мақсатында кестеге сәйкес, түсіндірме-семинар, кездесулер өткізіліп отырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру өте маңызды. Алдағы уақытта, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіру сапасы мен қолжетімділігіне мән беру, үнемділік пен тиімділік қағидаттары басты назарда болады.

Ақжарма ауылдық округінің әкімі аппараты

Қызылорда астана болған жылдары ұлттық мемлекеттік театрының қалай ашылғаны, жалпы театр деген не, ондағы әртiсттердiң өсу жолдары, пьеса қалай жазылу керек деген сұрақтарға жауап беретiндей, жалпы көрерменге арналған Смағұл Сәдуақастың «Ұлт театры» мақаласы кiтап болып шыққан екен. Осы кезеңде ұлт театры қалай қалыптасты, қалай құрылды, театр деген не деген сұрақтарға нақты жауабын Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасұлының «Еңбекшi қазақ» баспаханасынан шыққан мына еңбегiнен ойлы оқырман тұшымды жауап алары сөзсiз. Кiтаптың алғы сөзi «басқармадан» деп аталады.

Бұл кiтапша Смағұл жолдастың «Еңбекшi қазақ» газетiне жазған мақаларынан құралды.

«Еуропа елiнде театр мәдениетiнiң үлкен бiр кесегi театр арқылы Еуропада мыңдаған, миллиондаған халық тәрбиеленедi.

Қазақ арасында төңкерiстен кейiн театр кiтаптары жазыла бастады. Бiрақ бұл күнге дейiн бiздiң түпкiлiктi жасалған театрымыз болмай келдi. Сондықтан бұл жұмыс қалың жұртқа әлi таныс емес.

Қазақстанның Халық Ағарту комиссарларының шақыртуы бойынша осы күнi Қызылордаға отыз шақты қазақтың әртiстерi жиналып отыр. Бұлардың алғашқы аяқ алысына қарағанда бiзде де кешiкпей өнер театры орнайды деген үмiт бар», –деп «Еңбекшi қазақ» басқармасы атынан жазады. Әрi қарай оқырманға театр туралы түсiнiк бередi. Кiтаптан үзiндi келтiрсек:

«Театр» дегендi елдiң көбi бiлмейдi. Театр еуропа тiлi, бiздiңше айтқанда театр ойын деген сөз. Бiрақ театр осы күнгi қазақтың алтыбақан тебетiгiн ойыны сықылды емес. Театр қазақтың қыз ойыны, шiлдеханасына ұқсамайды. Театр деп қазақтың тойын, балуан күресiн де айтуға болмайды. Олай болғанда театр өмiрде жоқ, бiрдеме шығар? - дер бiреу.

Жоқ, олай емес. Театр – өмiрдiң ойыны. Театр – тұрмыстың ойыны. Театрдың шiнде тойды да, шiлдехананы да, қазақ ойындарын да көруге болады.

Бiрақ театр ойынының тәртiбi өзгеше. Бiздiң қазақта қандай театр тууы мүмкiн?

Театр бiзде қандай болуы керек, ойнаушылары кiм, ойнайтындары не, осы туралы бiраз сөйлейiк. Осы күнгi бiздiң көрiп бiлiп жүрген театрымыз отырықшы елде, отырықшы елдердiң шiндегi үлкен қалалар сөзсiз театрды тiлеп тұрады», – деп жазылған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет сапасын арттыру – қоғам мен билік арасындағы өзара сенімнің басты көрсеткіші. Осы бағытта Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі уақытылы ұсынуға ерекше назар аударып келеді.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес жүргізеді.

Аталған тізілімге сай, Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты 6 түрлі мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Олар:

- Жер учаскесін жеке меншікке сату (ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы);
- Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім қабылдау;
- Сауда-саттықты (аукцион, конкурс) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жерлерге құқық беру;
- Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
- Кент пен ауыл аумағынан жер учаскесін беру;
- Жалдау мерзімін ұзарту.

Қызметтерді электрондық форматта алу үшін тұрғындар электрондық цифрлық колтанба (ЭЦК) рәсімдеп, «Электрондық үкімет» порталына (www.egov.kz) немесе «Электрондық лицензиялау» жүйесіне (www.elicense.kz) тіркелуі қажет.

Азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әкімдік ғимаратында мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттері орналастырылған ақпараттық бұрыштар жасакталған. Сонымен қатар тұрғындардың уақытын үнемдеп, қызмет алу процесін жеңілдету үшін арнайы «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» ұйымдастырылған. Бұл бұрыш заманауи техникамен – компьютер, принтер, веб-камера және өзге де қажетті құралдармен толық жабдықталған.


Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мемлекеттік аппарат жұмысының негізгі басымдығы болып қала береді. Алдағы уақытта қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру, цифрландыру деңгейін арттыру және халыққа қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады.

Бір айта кетерлігі, бұл еңбекте сахнада қойылатын пьесаларға шолу жасалады. Тағы да мақаладан үзінді келтірсек:

«Мұхтар Әуезұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен, Құсмағанбет Кеменгерұлы, Жұмат Шанин. Әрине, бұлардың бәрі бірдей емес. Бірақ осылардың қайсысы болса да жазушы екендігінде дау жоқ. «Еңлік

адамдары қуыршақ сияқты. Қандай «жаман» дегеннің ішінде бір тамшы жақсылық бар, қандай жақсының өзінше бір осалдығы бар.

Әрбір адамды жеке адам ететін, әркімнің жеке өзіне ғана біткен бір «тамшысы», міне, соны Жүсіпбек көбінесе таба алмайды. Жүсіпбек пьесаларының осы жағын жөндеуі керек.



АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ СЫР ТОПЫРАҒЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТТІ

Кебек», «Алтын сақина», «Арқалық батыр» бұл үшеуі де, күні бүгіннен бастап, театрға ойналуға жарайды. Жүсіпбектің «Сылаң қызы» да пьеса. Бірақ бұны театрға жіберудің алдында азырақ жөндеу керек. Бірақ Жүсіпбек адамдардың көбінесе сыртын ғана шеберлейді, адамның ішкі үні Жүсіпбектің батырларынан көп естілмейді. Сондықтан бұның

«Алтын сақина» – тәуір пьеса. Құсмағанбет Жүсіпбектен анағұрмы тереңірек. Тегінде Құсмағанбеттің қаламынан жақсы пьесалар шығуы мүмкін.

«Алтын сақинаның» бір үлкен кемшілігі:

Көріністердің тым қысқалығы. Кей бөлімдері енді көрер-көрместен шымылдық жабылып кетеді деуге болады. Пьесаның көрінуі кемінде бір сағатқа созылуы керек. Әсіресе кіріп-шығып жүруді онша жақсы көрмейтін қазаққа біржола тойғыза көрсету керек. Бұл сөзден жалқаулыққа мойынсұн деген мағына шықпайды. Пьеса жазушылар қазақтың табиғи мінездерін ескерсін дегіміз келеді.

«Еңлік Кебек» сөзсіз ірі пьеса. Ішіндегі маңызы мен сыртқы сұлулығы бірдей істелген пьеса. Бұл пьеса тарихи білім көзінен қарағанда да мағынасы бар. «Еңлік Кебектің» кемшілігі тым ұзақтығы. Көріністің ұзақтығы емес, көріністерінің саны көп. Бұл жерде тағы бір айтып өтетін сөз біздің пьесалар мәні көп болса үш, әйтпесе екі-ақ көріністі болуы керек. Қазақ бірінші көріністе «не болар екен?» дейді. Екінші көріністе «енді қайтер екен екен?» дейді. Үшіншіде немен тынғанын көреді. Үшінші көріністен әрі қарай қазақ жалығады. Жоғарыда айттық қой, қазаққа көп қабат аз бергеннен аз қабат көп беру керек.

Сәкеннің пьесаларын да («Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында») қоюға жарайды. Бірақ бұған да біздің айта-тынымыз: жазғанын түзету керек.

Сәкенде Жүсіпбек сияқты үстірт кететін мінез көп. Бірақ бұл екеуінің ұқсаспайтын жері де бар. Жүсіпбектің жүріп кеткенін біле алмай қаласыз. Жүсіпбек ыңғайлы, епті бозбала, Сәкен ондай емес. Тарп-тарп етіп келе жатқаны анадайдан естіледі. Сәкенде еп жоқ. «Асау тұлпардың» өзге жағы өз алдына әңгіме, бірақ асаулығында талас жоқ. Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары», әрине, керек. Қазақ театры өзге жұрттай емес, ескіден қалған мұрасы жоқ. Біз осы бастан театрымызды революция негізінде құруға мүмкіндігіміз бар.

Бірақ, жаңа пікірлі пьесалардан бекерге қашып қағида сұрайтын-дарымыз бар. Мысалы: Бізге де көркемдік керек, шеберлік, шындық керек. Коммунистер қашанда болса сыртқы әдеміліктен жиренген жоқ-ты. Іші де оңды болсын, оған қоса сырты да жақсы болсын. Расын айту керек. Шеберлік, әдемілік жағынан Сәкеннің алдында жүр, солардан Сәкен үйрену керек.

Абай мен Мағжаннан сөз шеберлігін үйренуге коммунист жазушылар арланбау керек. Бұл біздің жүрек-тен айтқан достық сөзіміз, Сәкен пьесаларын, әрине, жөндеу керек.

Бытыр Жүсіпбек «Еңбекші қазақта» «бізде театр кітабы жоқ» деп жазды. Театр кітабын көбейту үшін ол жазушыларға жалақыны көп төлеу керек деген, тағы сол сықылды әңгімелерді айтты, театр кітабының аздығына бізде кол қоямыз, бірақ тіпті жоқ деу қате. Жоғарғы айтылған кітаптарды жөндеп ойнауға кіріссек. Соның өзі біраз уақытқа жетер еді. Бірақ мұнымен қатар Жүсіпбектердікіндей дұрыс жаңа пьесалар жазуға кірісуіміз керек.

Бұл туралы Қазақстанның халық ағарту мекемесі жаңа талаптарға жәрдемдес, көмектес болуы қажет. Жақсы пьесалар жазуға бөйге тігуі керек. Бас бәйгесі бір, екі мың теңгеден кем болмасын. Жазушылар бәйгеге түссін», – деп жазады.

Қызылорда астана болған жылдары театр іргетасы қаланған шақта пьесаларға шолу жасау, театр, әртiс ұғымын кеңiнен насихаттап түсiндiру өзектi болғанын осы мақаладан анық аңғарамыз. Смағұл Сәдуақасұлы осы мақаласында театр сахнасында

жәрменкесінде бір жігіт талай ойындар көрсеткен. Үстелдің үстіне қоян болып секіріп шығып, үстінде тұрған қымыз, самаурын, шыныаяқ соның бәрін қимылдатпай қайта жерге түсіп, қайтадан үстелге шығып, сол сықылды басқа ойындар көрсеткен. Көрген кісілердің айтысына қарағанда осы жігіт театрда пьеса ойнауға да, жарайтын болса керек. Биыл жаз Парижге көрініске барып келген Әміре Қашаубайұлын алайық. Бұл өте жақсы ән салатын жігіт. Әміренің әні туралы биыл орыстың журналдарында, газеттерінде көп сөз жазылды. Бәрі де Әміренің әншілігі мен әртістігін де мақтайды, Әміре «Ағаш аяқ» деген өлеңді айтқанда, шын әртіс болып кетеді. Қандай салмақты болып отырған адам «Ағаш аяқты» естігенде еріксіз күліп жібереді. Күлдіретін сонда «Ағаш аяқтың» өлеңі емес, Әміренің өнері, оның жыламысраған дауысы, қыржиган беті, жұмылған көзі, қысқасын айтқанда, Әміренің әртістігі.

Қара қазақтың ішінен шыққан Иса ақынды алайық. Иса баяғының суырыпсалма ақындары сияқты өлеңді айтқанда сағатында ойдан шығарады. Иса шын ақын, бірақ Исаның едәуір әртістігі де бар. Иса өлең айтқанда құр ұйқастыруға тырыспайды, айту тәртібі біртүрлі өлеңінің мазмұнына қарай өзгертіп отырады. Біресе ақырын, біресе айқайлап кету, біресе күліп, біресе ашуланып кетуінің бәрі Исаның әртістігінде жатыр», – деп жазады.

Смағұл Сәдуақасұлының бұл шығармасы драматургия саласындағы жазушылардың еңбектерін сынай отырып ұлт театрына қандай

ларын жазып алуы сөзсіз әдебиет пен өнерге қолдаудың алғы шарттарын қалағандығын көрсетеді. Ұлт театрының аяғынан тік тұрып, дамуына ерекше үлес қосқан осы өңірге танымал тұлға, төңкерістен бұрынғы Перовск уезі, Кентүп болысының болысы Мұңайтпас Лапин және оның ұрпақтарының еңбегін атап өтпеске болмас. Гаспиринский негізін қалаған жәдідтік ілімнің Сыр өңіріндегі алғашқы қолдаушысы, мектеп салып, жаңаша үлгіде мектеп ашқан да осы Мұңайтпас Лапин болатын. Мектептің алғашқы ұстазы Қоңырқожа Қожықов та, астананы Қызылордаға көшіру жөніндегі үкіметтік делегация басшыларының бірі Сұлтанбек Қожанов та осы Мұңайтпастың күйеу балалары.

Қызылорда атауын Қожановқа ұсынған Қоңырқожа Қожықов болатын. Мұңайтпасқызы Ләтіпа Қожықова Қызылордада ашылған ұлт театрының суретші декораторы болып қызмет атқарған бейнелеу өнерінде тыннан түрен салған жаның бірі де бірегейі. Қазақ өнерінің алыптары Құлахмет, Нурахмет, Қожахмет, Сұлтанакмет Қожықовтар Қоңырқожа мен Ләтипаның ұрпақтары. Қызылорда астана болған тұста тұңғыш қазақ жоғарғы білім ордасы Қазақ Оқу Ағарту Институты жұмыс істеді. Онда Сәкен Сейфуллиннен бастап, Ахмет Байтұрсынұлы, Шонанов, Темірбек Жүргенов сияқты ұлт зиялылары жастарды білім нәрімен сусындатты.

1925-1928 жылдары Қызылордада тұрып, Қазақ халық ағарту институтында қызмет атқарып, оқу-ағарту жұмысының қойбасшысы болған Ахмет Байтұрсынұлының қызметі жайлы облыстық архив қорында көптеген құжат бар. 1928 жылғы 16 наурыздағы халық ағарту институтының отырысының хаттамасында қаралған он мәселенің бірі «Жаңа әліппені оқу бағдарламасына енгізу» жайлы Шонановтың хабарламасына сәйкес қаулы қабылданыпты. Қаулыда жаңа әліппені оқыту үшін жетіспейтін сағаттарды басқа пәндердің есебінен толықтыра отырып, оқытуды міндеттеген. Ал көзіқарақты оқырман Аханьның Қызылордада еңбек еткен кезеңдерде «Тіл құралы», «Тіл жұмсар», «Әдебиет танытқыш» кітаптарын баспадан шығарғанын білсе керек-ті. Ал Шонановпен бірге жазған «Оқу құралы» да – осы кезеңдегі ұстаздың ұлт ісіне қосқан зор еңбегінің жемісі.

Аханьның Қызылордадағы өмірі жайлы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова өзінің «Шындық шынары» атты кітабында «Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Ергали Қасымов төренің үйі болатын... Осы үйде біз 1925 жылдан 1929 жылға дейін әкем қамалғанша А.Байтұрсыновтармен бірге тұрғанбыз» деп жазады. Осы кітаптағы Аханьның сол кездегі бейнесін суреттейтін мына жолдардан зиялы жанның келбеті анық көрініп тұр. «Ахмет ағай ұзын бойлы, ақ сары өңді кісі еді. Қомақты келген мұрнына салған пенсесінің қара жібек бауын оң жақ төс қалтасына алтын түйреуішпен қыстырып қоятын. Қонаққа не институтқа лекция оқуға барғанда сәнді қара костюмін киіп, ғалстук тағатын. Аханды жұмысқа жеңіл фазтонмен атқосшысы алып баратын. Үйдігі жұмыс кезінде ылғи көк ала, бикасап кең шапан, тақия киетін. Күндізгі төрттерде үйіне келіп, тамағын ішіп, екі сағат тынығатын. Кешкі шайынан соң түн ортасына дейін жұмыс істеп отыратын. Бұл қалыптасқан тәртібін бұлжытпай орындайтын, уақытын бір сағат та бос өткізбейтін.

1928 жылы Қазақ халық ағарту институты Алматыға көшірілгенде Ахан да осы оқу орнымен бірге көшеді. 1929 жылы 2 маусымда Қызылордада өтетін әдебиетшілер жиналысына шақырылып, тұтқындалған.

Қазақ театр өнері мен әдебиетінің дамуының бастауы болған Қызылорданың астана болған кезеңін кешенді түрде зерттеп, оқу орындарында оқыту, қалың жұртшылық арасында насихаттау жұмысын дамыта отырып, Қызылорда қаласының тарихи мәртебесіне тиісті баға беру – уақыт талабы.

Жұмабай БАЙЗАҚ,
өлкетанушы

Басы 1-бетте

